

## **ЛЕКЦИЯ 12. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ. ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ, ОЙНАУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.**

### **1. Жоспары:**

1. Отаулар атаулары, олардың атқаратын қызметі. Құмалақ есептеу, жүріс тәсілдері, оны жазу.

2. Ойын тәсілдерін құру.

**2 Мақсаты мен міндеттері:** Студенттерге теориялық білім беру, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету

**3 Лекция мазмұны (қысқаша):** «Тоғызқұмалақ»-әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі де дәлел бола алады. Жасөспірімнің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан.

«Тоғызқұмалақ» ойынының сақ, ғұндар дәуірінен бері қарай 3 мың жылдық тарихы бар. Оны Түрік тілдес халықтардың ішінде: Қырғыз, Өзбек, Қазақ, Қарақалпақ, Түрік, Алтай елдерінде ойнайды. Сонымен қатар осы қозғалыс ойындарының 6,7,8 құмалақты шағын түрлері Азия, Америка, Арабия, Африка елдерінен табылған. Оған дәлел Америка мұражайларындағы Египет пирамидаларындағы тақталар үлгілері. Бірақ бұл ойындар, осы аталған елдерде ұмытылып кеткен.

«Тоғызқұмалақ» ойыны қазіргі кезде тек түрік тектес халықтарда ғана сақталып қалған. Қазақ, Қырғыз елдерінде республика деңгейінде ойналады. Оның түрік тектес халықтарда осы уақытқа дейін көнермей сақталып қалуында үлкен мән бар. Ол «мән» тоғызқұмалақ ойынының ережелері, түркі халықтарының наным-сенімдерінің негізінде жасалған. «Тоғызқұмалақ»-көшпенді өмір салтының айнасы. Ол - тірі тарих. Тарихты білу-тектілік. Бабаларымыз ұрпағымыз ақылды болсын, тектілік құрсын деп осы ойынды бізге аманат етіп қалдырған. «Тоғызқұмалақ» - ойынының ұлы тектілеріміз жасаған рухани негізі - оны әліде сан-ғасыр бойы қорғап, өзінің жұмбақтығымен, рухани құндылығымен көптеген халықтарды тамсандыра береді.

Спорттың да өнер ретінде таңдап алар түрі көп. Бір түрі бала күштің толысуына әкелсе, екінші - жылдамдыққа, үшіншісі -табандыққа, күрделі бір істің күрмеу жібін тез шешуге дағдыландырады, баулиды. Бүкіл әдемдік дәрежеде жарыстар өткізіліп жүрген шахмет, дойбы ойындарын спорт сүйер

қауым жақсы біледі. Ал «тоғызқұмалақты» ше? Өзінің өмірге келу кезеңі жағынан жоғарыдағы екі спорт ойындарынан «қартаң» болмаса жас емес. «Тоғызқұмалақ» ойыны тек даму жағынан кенжелеп тұр. Оған басты себеп қай халықтың өз ұлттық ойындарына жете мән бермегендігінен, жанашырлықпен қолға алмауынан болып отыр. Болмаса, тоғызқұмалақ пен дойбы ойындарын қатар қойып көрейік. Күрделі жағынан да, табыстылығы жағынан да тоғызқұмалақ дойбыдан көш ілгері тұр. Осы дойбыдан әлемдік жарыстар өткелі қанша? Ал, тоғызқұмалақтан соңғы жылдары ғана республикалық жарыстар өткізіліп, көпшіліктің, оның ішінде жастардың сүйіп ойнайтын ойындарының біріне айналып, оған әр ұлттың өкілдері қатысып, ойынымыз интернационалдық спорт түріне айналып күннен-күнге кең байтақ Қазақстанның шартарабына тарап, жанашыр қауымды қуантып жүр.

«Тоғызқұмалақ» - қазақтың ұлттық ойыны. Бірақ тоғызқұмалақ ойынымыздың аты қалай қойылған. Қанша пайда болған? Қайдан шыққан? Кім ойлап тапқан? Әуелі қай халықтар ойнаған деген сұрақтарға дәл былай деп айта қояр ғылыми дәлел мен терең талданып, жете зерттелген мағлұматтарымыз жоқ. Кейінгі жылдары осы сұрақтарға жауап беру үшін спорт тарихын, соның ішінде тоғызқұмалақ ойынының тарихын зерттеушілер нақтылы деректер іздестіре бастады. Тоғызқұмалақты зерттеушілер нақтылы мағлұматтарды біріншіден, ел ауызында жүрген әңгіме сөздерден, яғни ауыз әдебиетінен және салт-дәстүрімізден іздесе, екіншіден архологиялық яғни жер қойнының қазба жұмыстарынан табылған заттар мен этнографиялық дүние бұйымдарға барынша назар аударып көбен көріп көңілге тоқуы керек. Енді ауыз әдебиетіміз және салт-дәстүріміз не дейді. Тоғызқұмалақ күрделі сөз: тоғыз және құмалақ. Өзгешілігі тақтығы. Көбейтілуі немесе бөлінуі үштік. Дегенмен, оның өзінен аз сандардан айырмашылығы бар. Мәселен, екі жіп есіледі, үш жіп өріледі, ал тоғыз жіп тоқылады. Сондықтан соңғысы жұртқа мәлім, кезінде ой өнері мен қол өнері үшін күрделі сан болып есептелген.

Уақыт есебінде де тоғыз санының орны өзгеше. Он екі жылдық Азия халықтарына тән мүшелдік жылдардың, яғни жыл есептеудің (тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз) тоғызыншысы мешін жылы. Бір ғажабы сол мешін жылдарының бәрі он екіге бөлінеді. Ертедегі араб абыздары, қаңтар айының бірін тоғызынан бастап есептеген. Себебі: Ай тоғызында қаңтар үркер жұлдызымен тоғысады екен. Үлкен кісілер, әңгіме, өсиет айтқан кездерде: «Е, балам білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз» деп ақыл айтып, түйінді тоқтамаға келеді. Кең байтақ даламызда көп жолдардың бір-бірімен түйіскен жерін тоғыз жолдың торабы немесе тоғыз торау деп атаймыз.

«Ақыл - ойдың нағыз қайнар көзі, тоқсан тараулы тоғызқұмалақ өнері туралы әр жерде тоғыз оянып, тосқан толғанып түйген маржан ойларымды көпшілікке жаткізуді жөн көрдім» - деп жазады өзінің «тағылымы мол мұра» (спорт газеті 13.04.1999ж) аты мақаласында Шымкенттік Қадырбек Сапарбаев «тоғыз сан» киелі сан. Оның мәні ықылым заманнан көшпенділердің Тұран деген елі Иран мен Қанаттас өмір сүріп, Қытайдың Ақ қорғанынан Балқаш түбегіне дейінгі кең байтақ елге иелік еткен ежелгі көк түріктердің «Көк бөрісінен» өрбіген, Шығыс хан да қолбасшы батырларына «тоғыз сияқты ақ байрақты» қолдарына беріп жорыққа аттандырады екен.

Кейінгі кезде баспа бетінде жарияланған мақалаларда «Тоғызқұмалақ» ойынын тұңғыш рет орта ғасырда қойшылар ойлап шығарыпты. Олар жерді қазып алып, жүрелеп немесе молдас құрып ойнай береді екен, ойынның қызығына түсіп кетіп, қойларын қасқырға қырғызып алады екен.

Бертін келе ойын халық арасына кеңінен тарап, қалың бұқараның мәдени қажетіне айналыпты. Мұны кейде қойшының «алгебрасы» дейді екен, деген жорамал топшылаулар айтылғанымен, ол әлі зерттелмеген мәселе. Жаңадан үйренбек болып жүрген талап иелеріне бір ескерте кететін нәрсе - бұл тек қойшылар ойыны, шопандар ғана ойнау керек, атының өзі де қой, деген теріс пікірден аулақ болу керек. Ұлы Абай тоғызқұмалақ ойынын аса құмарлықпен ойнағанын халық біледі. Абай өзі ұтылыс «Тоқтай бағып ойын қуған қу ұтады», ал өзі ұтса: «Мен ұтады» деп айтады екен.

Ал, енді тоғызқұмалақ ойынының тарихын зерттеу жолының бір саласы археологиялық және этнографиялық зат бұйымдарға зер салып сүйенетін болсақ. 1970 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында, осыдан 2500 жыл бұрын халық мекендеген жайларға қазба жұмысын жүргізгенде, ол жерлерден әртүрлі шариктер тастан жасалған табылған.

Ғалымдар бұл шариктерге зер салып зерттегеннен кейін шариктер тоғызқұмалақ ойынына әдейілеп істелген деп тапты.

1983 жылы Қазақстан баспасынан жарық көрген «Бәйгеден олимпиадаға шейін» деген монографиялық кітабында ғалым М.Тәнекеев былай дейді.

«Тоғызқұмалақ» ойынының даму тарихы өзінше қызық, бұл туралы орыс және шетел ғалымдары еңбектерінен оқып жүрміз. 1906 жылы орыс этнографы И.Пантусов бірінші рет ойынымыздың теориялық жағына талдау жасап берді. Осы анализге сүйене отырып 1936 жылы атақты қазақ ғалымы С.Аманжолов бүгінгі жарыстарда ойланып жүрген жеңіл ойнау (түсінік: бір ойыншының ойын барысында өз жүрісімен «тұздық» алатын болса, артынша екінші ойыншы жүрісімен «тұздық» алуына болады) тәртібімен таныстырып кетті. Кейбір деректерге сүйенсек тоғызқұмалақ ойыны осыдан 8 мың жыл

бұрын пайда болып, осы уақытқа дейін ұмытылмай келеді - деп ойын тоғарады. Бәлкім солай болған шығар.

Әлемнің әр түкпірінде өмір сүретін әр алуан халықтың өз ұлттық ойындары болғаны мәлім. Солардың осы біздің өмір сүріп жатқан заманға жеткен «оймен ойлау» ойындарының бес түрі бар. Шахмат, дойбы, вейцы, нарды және манкала. Мәселен Қытайдың, Жапонияның шахматтары, дойбының орыс халқы ойнайтын және халықаралық түрлері. Біздің тоғызқұмалақ ойынымызды орыс ғалымы А.Аникинг Африка халқтарының арасында кең тараған «Манкала» деп аталатын ойынның бір түрі болуы мүмкін деп жорамалдайды. Дәл осы «Тоғызқұмалаққа» ұқсас бір ойын «Калах» ойыны жайлы «Наука и жизнь» журналы 1971 жылы 12 санында жазған еді. «Тоғызқұмалақ» пен Калахты ойындарының тақталарындағы отауларының екі қатар болып орналасуы, екі ойыншының қазандарының да екі шетінде болуы бір-біріне мүлтіксіз ұқсайды. Тек «Калахта алты отауда, ал тоғызқұмалақта» тоғыз отау.

Екі ойында да солдан оңға қарай бір-бір құмалақтың отауларға тастап жүріп отырады. Екі ойында да көп құмалақ жинаған ойыншы ұтып шығады. Бұларға отрақ тағы бір екершелік -қарсыласын атсырату. Ойын тақтасы және ережесі туралы бірер сөз айтсақ. Шахмат терминдерінің дені шетелдік. Бірқатары ұлт тілдеріне аударылған: піл, ат, король, верзы, пешка. Ал тоғызқұмалақ терминдерінің бәрі қазақша. Мысалы: арт, тектұрмас, атөтпес, атсыратар, бел, белбасар, қандықакпен, көкмойын, маңдай -бәрі тоғыз. Оныншы қазаны, яғни ордасы. «Тоғызқұмалақ» ойынының өзіне тән ерекшелігі - бұл нағыз математикалық есеп ойыны.

Математика - бәрімізге мәлім, адам өмірімен, шаруашылығымен біте қайнасқан көне ғылымдардың бірі. «тоғызқұмалақ» ойынының барысында тақта үстіндегі тартыстың сырын алдын ала біліп отыру үшін ойыншыға математикалық төрт амалды (қосу, азйту, бөлу және көбейту) аса жетік біліп, сәт сайын қолданып отыруға тура келеді. Демек, «тоғызқұмалақ» - үлкендерді былай қойғанда, жас жеткеншектерге спорт әліппесін үйретумен қатар, олардың ой-өрісін, сана сезімін дамытуға, оқу үлгерімін жақсартуға түсуге және сапалы тәрбие беруге өзіндік септігін тигізеді. «Тоғызқұмалақ» ойыны әрі онша күрделі құрал -жабдықтарды қажет етпейді. Сондықтан ертедегі ойыншылар «тоғызқұмалақтың» отаулары (шұқыр) мен қазандарын (құмалақ жинайтын үлкен ұя) жерді қазып жасап алып, ойнай беретін болған. Бертін келе «тоғызқұмалақ» ойыны ағаштан ойылып (дөңгелек шұңқыр) жасалған арнаулы тақтада ойналатын болды да отаулардың әрқайсысы солдан оңға қарай алфавиттік (а,б,в,г,д,е,ж,з,и) тәртіппен тоғыз әріппен белгінеді. Былай белгілеу, ойналған ойындарды жазып алуға (қазіргі шахмат, дойбы ойыны

секілді), бұл күшті ойыншылардың әдіс-айлалы ойындарын зерттеуге, ол зерттеулерді жұртшылық үйрену үшін «тоғызқұмалақ» әуесқойларының талқысына салуға мүмкіндік берді. Бірақ бертін келе ойылып жасалған отауларды әріппен белгілеген.

Сандық белгілеу математикалық есеп шығарып, ойынның сырын тез шешуге мүмкіндік береді. Бұл сандарға, яғни отаулардың санын, қанша болса да, қосу және алу тәсілдерімен тақта үстіндегі барлық отаулардың шабуыл мүмкіншілігі тез арада есептеп шығарып, біліп отырамыз. Мұнан соң ойынды жазып ойнау жүйесі де тәртіпке келтірілді. Өйткені, барлық жүрістердің қағаз бетіне жазылуы бір деңгейде жатқан тек цифрлармен өрнектеледі де, жазуға қарап отырып, отауда жатқан құмалақтардың шабуыл мүмкіндігін біле аламыз. Жаңа ойын тақтасының арқасында «тоғызқұмалақ» тарихында болып көрмеген блиц (берілген аз уақытта ойналатын ойын) мен сеанс (бір ойыншының көп адаммен бір мезгілде ойнауы) ойындарын өткізу де мүмкін болып отыр.

Бүгінгі күннің басты талабы да әр халықтың мәдени мұрасының асылын жаңа заманның ағымына бейімдеп, жоғалтпай пайдалана білу. Сондықтан қолындағы қымбат қазынаны заман талабына сай, бүгінгі таңдағы өрелі өміріміздің биік талғамына лайық жетілдіре түсу - біздің борышымыз. Жастар үшін математиканың үйрену мектебі бола алатын «тоғызқұмалақ» ойыны, әрі ұлттық мұра болып табылады. Олай болса, біздің мақсат та осы бір асыл қазынаны жерде қалдырмай, қолдан-қолға таратсақ, халықымыздың өнерін өзге республика көлеміне де жеткізсек деген ойдан туып отыр. Себебі, еліміздің қай ұлты мен халқының өнері болса да бір-біріне де жаттығы жоқ.



Сурет Тоғызқұмалақ тақташалар түрі

**Тоғызқұмалақ ережесі.** Тоғыз-құмалақ - қазақ ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезенді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын.

Тоғызқұмалақ ережесі

- Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі.

- Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестерді де қолданамыз.

- Тақтаның жазу үлгісіндегі жалпы құрылысы төмендегідей:


№9 №8 №7 №6 №5 №4 №3 №2 №1 - отаулар

9 9 9 9 9 9 9 9 Қостаушы қазаны (0)


9 9 9 9 9 9 9 9 Бастаушы қазаны (0)

№1 №2 №3 №4 №5 №6 №7 №8 №9 - отаулар

Берілген диаграммаларда бастаушының отаулары мен ондағы құмалақтар мөлшері үнемі төменгі жағында орналасады.







Сурет Тақташадағы ойын ережесі

Жалпы, тоғызқұмалақ зияткерлік ойынға жатады. Ал зияткерлік ойындар дегеніміз – адамның ойлау қабілетін, ой-өрісін дамытатын спорт түрі. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, оның тағылымдық, тәрбиелік, танымдық құндылықтары көп, оның үстіне зияткерлік ойындардың терапиялық сипаты да зор екен. Сондықтан бүгінгі таңда дүние жүзінде зияткерлік ойындарды дамыту, өркендету маңызды шаралардың бірі болып саналады.

Ал, «тоғызқұмалақ» ойынын мұндай дәрежеге көтеру үшін әуелі өз республикамыздың жастары мен басқа да талапкерлері арасында кең таратуға тиіспіз.

### Ойынның негізгі ережелері

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестерді де қолданамыз. Тақтаның жазу үлгісіндегі жалпы құрылысы төмендегідей:

<b>Қостаушы</b>									
<b>қазаны</b>									
9	9	9	9	9	9	9	9	9	9
9	9	9	9	9	9	9	9	9	9
<b>Бастаушы</b>									
<b>қазаны</b>									

Берілген диаграммада бастаушының отаулары мен ондағы құмалақтар мөлшері, қазандағы құмалақтар саны үнемі төменгі жағында орналасады.

**4 Оқытудың техникалық құралдары:** интеракт. тақта, проектор т.б.

**5 Лекцияның әдістері мен түрлері:** сұрақ-жауап, дөңгелек үстел

**6 Әр түрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар**

**1 деңгей**

- Отаулар атаулары, олардың атқаратын қызметі.

**2-деңгей**

- Құмалақ есептеу, жүріс тәсілдері, оны жазу.

**3-деңгей**

- Ойын тәсілдерін құру.

**7 СӨЖ және ОБСӨЖ тапсырмалары (Өзіндік жұмысқа арналған тапсырма нұсқаулары көрсетіледі)**

- Ойынның негізгі ережелері

**8 Пайдаланған әдебиеттер**

**Негізгі әдебиеттер:**

1. Физическая подготовка единоборцев. Теоретико-практические рекомендации. ТВТ Дивизион Москва-2017 Д.В.Максимов, В.Н.
2. Ұлттық спорт ойындары. Оқу құралы. Альманахь. Алматы-2019. Б.А.Шилібаев.
3. Е.Алимханов. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері. Қазақ университеті баспасы. Монография. Алматы-2018.
4. Казакша курес. Учебное пособие. Алматы. Мектеп. 2011. П.Ф.Матущак, Е.М.Мухиддинов.

**Қосымша әдебиеттер:**

1. Ұлттық ойындар арқылы жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. Тұран. Түркістан-2017. Н.К.Жилисбаев., Е.Е.Сейдахетов